

Мектеп түлектерінің алдында тұратын басты мақсаттардың бірі - мамандық таңдау мен жақсы маман атану. Алайда түлектер мамандық таңдауда жиі қателесіп жатады.

8 ақпан күні С. Сейфуллин атындағы ҚАТЗУ-де университеттің барлық факультеттері өкілдерімен бірге кәсіптік бағдар беру жұмысы бойынша есеп беру кездесуі өтті.

Бұл кездесуде Жер ресурстарын басқару, сәулет және дизайн факультеті бойынша кәсіптік бағдар жұмысына жауапты Беристенов А.Т. егжей-тегжей баяндады.

Өткізілген ақпараттық-түсіндіру жұмысы барысында болашақ абитуриенттермен жалпы ҚАТЗУ-де мамандықты таңдау туралы және университетіміздің барлық мамандықтарына қандай құжаттарды тапсыру мәселелері, білім беру бағдарламаларын таңдау мүмкіндіктері және университетте оқу ерекшеліктері жайлы айтылды.

